

**А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік Университеті**  
**Медицина факультеті**  
**«Жалпы хирургия» кафедрасы**

# **СӨЖ**

**ТАҚЫРЫБЫ: Трансплантология. Тері, бұлшықет, сіңір, жүйке, сүйек тінді қуысты ағзалардың пластикасы. Тіндерді қондырудың биологиялық жағдайлары. Ағзаларды қондыру. Донорды таңдау. Иммунодепрессивті әсері бар дәрілерді қолдану. Жүрек, бауыр, бүйрек және т.б. ағзаларды қондыру.**

*Қабылдаған: м.ғ.к доцент Төлежанов Н*  
*Орындаған: студент Құрбантай Қ.*  
*Тобы: ЖМ-304*

*Түркістан – 2016 жыл*

# ***Жоспары***

**1.Кіріспе.**

**2.Негізгі бөлім:**

- ❖ *Трансплантация және оның түрлері.*
- ❖ *Тері, бұлшықет, сіңір, жүйке, сүйек, тамырлардың пластикасы.*
- ❖ *Донорды таңдау.*
- ❖ *Иммунодепрессивті әсері бар дәрілерді қолдану.*
- ❖ *Жүрек, бауыр, бүйрек және эндокринді бездердің трансплантациясы.*


**3.Қорытынды**

**4.Пайланылған әдебиеттер**

# *Кіріспе*

● Пластикалық хирургия — латынның «plastikos» сөзінен шыққан. Ол түзету, жөндеу, қалыпқа келтіру деген мағынаны білдіреді. Тіндер мен ағзалардың түрі мен қызметін қалпына келтірумен айналысатын хирургияның бөлімі. Пластикалық хирургияның міндеті-қызметтік және анатомиялық өзгерістерді шақыратын туа біткен және жүре пайда болған кемістіктерді жою болып табылады.





- Пластикалық хирургия кемістіктерді жоюға және кез-келген ағзаларды қалпына келтіруге бағытталған әртүрлі әдістерді қолданады. Егер ағзаларды немесе тіндерді ауыстырып отырғызу кезінде отырғызылатын бөліктің аналық қоректенуі сақталатын болса, онда пластиканың бұл әдісін қоректендіруші аяқшасы бар пластика деп атайды.



- Егер ауыстырып отырғызылатын ағза немесе тін операция барысында өзі орналасқан денедегі немесе донор денесіндегі аналық қоректенуін жоғалтса, онда бұндай әдіс **трансплантация немесе бос отырғызу** деп аталады.
- **Трансплантат** - пластика жасау мақсатымен өзінің немесе донордың денесінен толық ажыратылып алынған тіндердің бөлігі.



**Аутоотра  
нспланта  
ция**



**Ксеноотра  
нспланта  
ция**

**Транспла  
нтация  
түрлері**

**Аллоотран  
сплантац  
ия**

**Изоотранс  
плантаци  
я**

- **Аутоотрансплантация**-рецепиент өзіне өзі донор болады.
- **Изоотрансплантация**- донор рецепиенттің толық генетикалық және иммунологиялық бірдей ұқсас егізі болады.
- **Аллоотрансплантация**-донор мен реципиент бір түрге жатады (адамнан адамға, мәйіттен адамға) Пластиканың бұл түрі изогенді (донор мен реципиент-бір жұмыртқалы егіздер) және сингенді пластика (донор мен реципиент-бірінші ұрпақтағы туыстар) болып келеді.
- **Ксеноотрансплантация**-донор мен реципиент әр түрге жатады (жануардан адамға жүрек қақпақшаларын отырғыызу, тамырлардың ксеноотрансплантаттары, эмбриональді тіндер). Олар тіндердің сәйкессіздігіне байланысты сирек қолданылады.



# *Хирургиялық пластиканың түрлері*

***Тері пластикасы***

***Бұлшықеттердің пластикасы***

***Сіңір мен шандырлардың  
пластикасы***

***Сүйектердің пластикасы***

***Нервтердің пластикасы***

***Тамырлардың пластикасы***

# Тері пластикасы

- Тері пластикасы екіге бөлінеді:
  - бос терілік пластика
  - бос емес терілік пластика
- **Бос терілік пластика-** Толық қабатты және ажыратылған бос тері есінділерін пайдаланады. Ұзақ уақыт жазылмай жүрген жаралар мен трофикалық ойық-жараларды емдеу үшін, кішігірім бөліктерді грануляциялық тіндерге отырғызуға болады.



**FireAid** - все по  
медицине.

- *Дерматомды пластика-  
үлкен аумақты кемістіктерді  
ажыратылған кесінділермен  
жабуға мүмкіндік береді. Көлемін  
ұлғайту және жаралық  
бөліністердің сыртқа ағып  
шығуын жақсарту үшін, торлы  
кесіндіні дайындайды. Бұл кезде  
кесіндінің ауданы алғашқы  
көлемінен 3-6 есе болып шығады.*

## ● **Бос емес терілік пластика**


Жергілікті- жылжытылған терілік кесінділерді қолдану:

1. Кең етіп ажырату жолымен мобилизациялау.
2. Босатушы тіліктер-жараның жиегінен алшақтау жерлерде тіліктер жасалып, кемістіктің шеттерін жақындату.
3. Z-тәрізді пластика-дөрекі тыртықтарда және тыртықтың салдарынан дене бөліктерінің қызметі бұзылғанда жасалынады.




Қоректендіруші аяқшасы бар тері кесіндісімен пластика жасау әдістері:

а) «үнді әдісі»; б, в) «итальяндық әдіс»



б




а



в

Түтікті жылжымалы терілік кесіндімен («Филатов сабағымен»)  
терілік пластика жасау



# **Бұлшықеттердің пластикасы**

- Қанмен қамтамасыз етілуі және инервациясы сақталған аяқшасы бар бұлшықеттерді отырғызу-остимиелит кезінде сүйек саңылауын тығындау үшін, сонымен қатар бронхиальді жыланкөз және жетіспейтін аумақты толтыру үшін қолданылады. Аймақтық бұлшықеттік пластинканы бұлшықеттің кемістіктерін (құрсақ қабырғасының, шап және құрсақтың ақ сызығының жарығын) жою үшін пайдаланады.

## *Сіңір мен шандырлардың пластикасы*

- *Сіңірлік пластинка аяқ-қолдың жоғалған қызметін дұрыстау үшін және салданған бұлшықет топтарының қызметін көрші сіңірлер мен сау бұлшықеттерді тігу арқылы қалпына келтіру үшін қолданады. Сіңірлерді тіккенде арнайы сіңірлік тігістер салынады-Kuneeo, Kessler, Bunnel және басқа да тігістер. Сан бұлшықетінің жалпақ шандырынан алынған бос кесіндіні буын қапшығын нығайту, бас-миының қатты қабығының кемістігін жамау, тік ішектің жасанды сфинктерін қалыптастыру, жұлынның және құрсақ қабырғасының жарықтарын жабу үшін қолданады.*

# *Сүйектердің пластикасы*

- *Оны ағзаның жоғалған қызметін және көсметикалық пішінін (бас-сүйек күмбезінің, жақтың кемістіктерін және т.б.) қалпына келтіру үшін қолданады. Ауто-және аллотрансплантация түріндегі сүйектің бос пластикасы сүйектің қуысын толтылу және сүйектің кесіліп алынған бөлігін алмастыру үшін қолданады-кесіліп алынған кәрі жіліктің орнына асықты жіліктің шыбығын микрохирургиялық жолмен отырғызу әдісі.*

# *Нервтердің пластикасы*

- *Нерв талшықтарын қалпына келтіру үшін жасалатын перацияның түрлері:*
- *-біріншілік және екіншілік тігіс салу;*
- *-сыртқы және ішкі невролиз жасау, ол микротамырлық тәсілді қолданып орындалады;*
- *-нервтің трансплантациясы: қанмен қамтамасыз етілмейтін және қанмен қамтамасыз етілетін невральді трансплантанттарды пайдалану; қоректендіруші аяқшасы бар қанмен қамтамасыз етілетін нерв бөлігінің транспозициясы.*

# Тамырлардың пластикасы

- Ауыстырып отырғызу үшін, көбінесе диаметрі сәйкес аутовеналар (санның үлкен тереіастылық венасы), сирек жағдайда артериялар (донорлық аланның қанмен қамтамасыз етілуі бұзылғандықтан) қолданылады және гофрирленген жасанды тамырлық протездермен пластика жасалады-эксплантация. Тамырлық тігістер “соңы соңына” немесе “соңы бүйіріне” түйістіріліп салынады. Тәсілі: қолмен кейде механикалық жолмен тігіс салынады

# Донорды таңдау

- *Рецепетке сәйкес донорды таңдағанда ұқсас генотипті табу мүмкіншілігі 1:640000-нан аспайды. Рецепттің жасы 60-қа дейін, донордың жасы 2-ден 55-ке дейін болуы керек. Донорды таңдау иммунологиялық типтеуге негізделеді (ABO, Rh-эритроциттердің антигендері, HLA-лейкоциттердің антигендері). Мыңдаған рецепттердің иммунологиялық, гематологиялық және клиникалық жағдайы туралы тіркелген ағзалар қорын құрастыру, жұмысты әлдеқайда жеңілдетеді. Тіндер мен ағзалардың толық бітіп-өсуі аутотрансплантация және сингенді трансплантация кезінде байқалады.*



# Жүрек трансплантациясы

- Жүре трансплантациясы-терминалды жүрек функциясы жетіспеушілігінің белгіленген емдеу тәсіліне айналды.

## Жүрек трансплантациясына көрсеткіштер:

- Дилятациялық кардиомиопатия
- Ишемиялық кардиомиопатия
- Шығарылу фракциясы-20% кем
- Емге келмейтін стенокардия
- Жасы-65 төмен

## Қарсы көрсеткіштер:

- Жасы 65-жоғары
- Белсенді жүйелі инфекция
- Белсенді жүйелі дерт
- Қатерлі ісік
- Психосоциалдық тұрақсыздық

# *Жүректі трансплантациялау әдістері*

```
graph TD; A[Жүректі трансплантациялау әдістері] --> B[Ортотопиялық]; A --> C[Гетеротопиялық]; B --> D[Реципиент жүрегі толық алынып тасталып, донор жүрегі алдыңғы медиастиnumға орналастырылады.]; C --> E[Донор жүрегі мен реципиент жүрегі қатар орналастырылады.];
```

## *Ортотопиялық*

*Реципиент жүрегі толық алынып тасталып, донор жүрегі алдыңғы медиастиnumға орналастырылады.*

## *Гетеротопиялық*

*Донор жүрегі мен реципиент жүрегі қатар орналастырылады.*

# ***Бауыр трансплантациясы***

- *1963 жылы Старзл адамда бауыр трансплантациясын жүзеге асыруда жетістікке жетті.*
- *Трансплантация ортотопиялық және гетеротопиялық қалыпта (құрсақ қуысының басқа аймағында) жүргізіледі.*

## ***Бауыр трансплантациясына көрсеткіштер:***

- *Әр түрлі этиологиядан болатын бауырдың жедел және созылмалы жеткілксіздігі*

## ***Қарсы көрсеткіштер:***

- *ЖИТС;*
- *Қатерлі ісік;*
- *Белсенді алкогольизм;*
- *Қақпа венасының тромбозы;*
- *60-тан асқан жас.*

# **Бүйрек трансплантациясы**

- Бүйрек трансплантациясы-гетеротопты қалыпта мықын шұңқырында ретроперитонеальды жасалады.

## **Көрсеткіштер:**

- Терминальды созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі;
- Созылмалы гломерулонефрит;
- Созылмалы пиелонефрит;
- Диабетті нефропатия;
- Бүйректің тума аурулары.

## **Қарсы көрсеткіштер:**

- Қатерлі ісік;
- Белсенді инфекциялар;
- Экстраренальды аурулар.

# Қорытынды:

Трансплантация-хирургияда ерекше орын алады. Әр түрлі ағзалардың трансплантациясы сол ағзаларды емдеуге келмейтін қауіпті аурулармен ауырғанда жасалады. Қазіргі кезде трансплантология күнделікті тәжірибеде кеңінен қолданылады. Мысалы, адам денесінде күйіктен кейін теріні алмастыру, беттегі әжімді немесе денеде пайда болған ісікті алу пластикалық операция жасау арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ бүлінген қан тамырларының немесе жүрек қақпақшаларының орнына синтездік тіннен протез қойылады.

# *Пайдаланған әдебиеттер:*

- *Дұрманов Қ.Д. Алматы 2006 жыл,  
520-530 беттер*
- *KazMedic.kz*